

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№3 5 желтоқсан 2019 жыл бейсенбі

Үйірме отырысы

4

29.11.2019ж. «Мейіргер ісі негіздері» пәні бойынша «Адал жандар» үйірмесінің «Дәрумендер, тиімді тамақтану» тақырыбында ашық отырысы өткізілді. Үйірме мүшелері: «Акушер ісі» мамандығы бойынша:

320 топ студенттері. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 204, 306 топ студенттері. Емдеу ісі мамандығы бойынша 309 топ студенттері.

Ашық тәрбие сағаты

5

29.11.2018ж. «Мейіргер ісі» бөлімі 205 топ кураторы Р.Қ. Тұрсынбаева Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «ЖИТС – ХХІ ғасыр дерті!» тақырыбында бөлімішілік тәрбие сағатын өткізді.

Кездесулер

6

26.11.2019ж. Беларусь мемлекеттік университетінің А.Д.Сахаров атындағы Халықаралық экологиялық институтынан оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары И.Э.Бученков, Халықаралық

байланыстар бөлімінің бастығы Е.В.Алексейчик, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Экология» кафедрасының доценті Р.Т.Турекельдиева келіп колледжіміздің корпустарымен танысып шықты. Беларусь мемлекеттік университетінің «А. Д. Сахаров атындағы Халықаралық мемлекеттік экологиялық институты» және «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК білім мекемелері өзара ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасасты.

22.11.2019 ж. Тәрбие бөлімі және «Рухани дамыту» орталығының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру – рухымықты жастар болашағына бағыт» тақырыбында Жамбыл облысы әкімдігі Жастар саясаты мәселелері

басқармасының басшысы С.Қ.Берікқожа мырзамен кездесу өткізілді.

Психологиялық апталық

7

11.11.2019ж. «Өмір – сенің жарқыраған аспаның, Өмір – сенің таусылмайтын дастаның» атты психологиялық апталық жоспарланды. Апталықтың бірінші күні, “Жарқын көңіл-күй сыйлаймын”

атты акциясымен басталды. Акцияға 1-ші курстың белсенді студенттері ат салысты. Толығырақ айтатын болсақ, колледжге кірген әр бір студентке, оқытушыларға акцияның мақсаттары мен ережелерімен түсіндіріп, өз тілек лебіздері мен көңіл күйлерімен бөлісті. Студенттердің көңіл – күйлерін көтеріп, өмірге деген құштарлықтарын арттыру мақсатында өткізілді. Акцияға оқытушылар да, студенттер жоғары деңгейде қатысып, өз тілек, лебіздерімен бөлісіп, парак бетіне жазып, ілді.

11.11.2019ж. «Өмір – сенің жарқыраған аспаның, Өмір – сенің таусылмайтын дастаның» атты психологиялық апталық аясында, «Сенім жәшігі» акциясы ұйымдастырылды.

Акцияның ережесі: колледждің белсенді студенттері әр топқа кіріп, сенім жәшігінің мақсатын түсіндіріп, әр студент өзінің ойын, мазалап жүрген сұрақтарын, ұсыныстарын жазып, қораптың ішіне салады.

12.11.2019 ж. «Өмір – сенің жарқыраған аспаның, Өмір – сенің таусылмайтын дастаның» атты психологиялық апталықтың аясында, «Ризашылық күні» акциясы өтті. Акцияның мақсаты:

оқытушы мен студент арасында сыпайлық, сыйластық, құрметтеу, ризашылықтарын көрсету қасиеттерін бойларына сіңіру, топтық қарым-қатынасты құрметтеу, сыйлау, бағалау, бір-бірлерін деген сүйіспеншіктерін арттыру, кішіпейіл болу, адамгершілік құндылықтарын сақтау қасиеттерін дамыту.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№3 5 желтоқсан 2019 жыл бейсенбі



14.11.2019ж. «Өмір – сенің жарқыраған аспаның, Өмір – сенің таусылмайтын дастаның» атты психологиялық апталық аясында, «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен, «Озар елдің қызы мінезді келеді» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



15.11.2019 ж. «Өмір – сенің жарқыраған аспаның, Өмір – сенің таусылмайтын дастаның» атты психологиялық апталық аясында, «Өмірде өз орнын табу – үлкен бақыт»

тақырыбында облыстық жас ғалымдарды оқыту тренирі, сарапшысы: Кәрім Сүйінбекұлы студенттермен тренинг өткізілді.



13.11.2019 ж. СӨС төрайымының ұйымдастыруымен айлық жоспарға сай «Жасөспірімдердің дұрыс тамақтануы» тақырыбында дөңгелек үстел және

«Тиімді тамақтану» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.



18. 11. 2019ж. Колледжде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Атамекен» кіші бағдарламасы аясында 1 курс студенттері арасында «Өз өлкенді тани біл және сүй» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Әділ қазылар мүшелері: тәрбие жұмысының меңгерушісі: Мейрманова Л.К., тарих пәнінің оқытушылары Иманалиева Г.Ж., Ахметбекова Р.М. I орын – 103 топ, II орын – 101 топ, III орын – 104 топ, 106, 107, 111, 112 топтар белсенділік танытқаны үшін Алғыс хаттармен марапатталды.

Салтанатты ашылу

8



11.11.2019ж. Колледждің Б ғимаратында Адалдық дүкенінің ашылу салтанаты өтті. Колледж студенттерінің күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз

етуге бағытталған бұл дүкен санитарлық-гигиеналық нормаға сәйкес жасақталып, тағамдар мен сусындардың барлық түрлері сатылатын болады.

Көрме

9



29. 11. 2019 ж. Колледждің «Рухани дамыту» орталығында «Елбасының – ерен еңбегі» тақырыбында көрме өтті. Мақсаты: студенттердің

назарын Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбектеріне аударуға, жастардың бойында патриоттық және азаматтық жауапкершілік сезімін бекітуге, сондай-ақ өздерінің тұлғалық өсуіне қажетті дағдыларды, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу

10



11.11.2019 ж. Тараз қаласы, Ленин көшесі №1 мекенжайында орналасқан уақытша ұстау изоляторына «Нығмет-Нұры» ҚБ маманы Ш.Б. Сүйімқұл, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ӘЗЗҚж инспектор,

полиция капитаны Ж.О. Жадраев және колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты С.Е. Убайдуллаев, ҚБАЗЖ меңгерушісі Р. Усенов, АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Ж. Бегалиев және колледж студенттерінің қатысуымен экскурсия ұйымдастырылды.